

**«Астрахан ауылының №1 мектеп- гимназиясы»КММ-нің 2025- 2026 оқу жылындағы мектебінде**  
**рухани-адамгершілік және азаматтық- патриоттық тәрбиелеу контекстінде**  
**сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында**  
**қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген модельді іс- шаралар жоспарына**  
**сәйкес«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жарты жылдық жұмысы туралы**  
**есеп**

«Адал Ұрпақ» ерікті клубы мектеп директорының бұйрығымен құрылды, клубқа мүше оқушылардың саны анықталды. Сыныптарда “Парасатты азамат” бұрышы құрылды, және үнемі ақпарат жаңартылып отырады. Адал ұрпақ ерікті клуб мүшелері 3 секцияға бөлінген: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық, мәдени көпшілік іс- шаралар. Өткізілген іс-шаралар: **Қыркүйек айында:** «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметі ұйымдастырылып, жоспары бекітілді.

1-11 сыныптарда «Парасатты азамат» бұрышы жасалды. **Қазан айында** 1-4 сыныптардың арасында “Адалдық-ардың ісі” “Адалдық-адамдықтың белгісі ” деген . 5- 6 сыныптарда ‘ ‘Тәртіп -тәрбие бастауы, тәртіпсіздік -өмірдің қас жауы’. «Жас ұрпақты Қазақстандық патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу басты парызымыз» деген тақырыпта қоғамдағы адалдық үлгілерді талқылау. Адамдарға жақсылықты , ондағы адалдық , әділдік, шыншыл сияқты адами құндылықтардың алтын орны, олардың адамдар үшін маңызы жайлы, адалдық пен шыншылдыққа, әділдікке бағдарлай отырып, әдептік ережелерін қадағалауға үйрету.

**Қараша айында:** Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясының 2025-2026 оқу жылындағы 11 мен 11 қараша аралығында , 7а-7ә сыныптар аралығында **«Адалдық кодексі туралы шығармашылық байқау»** атты оқушылар арасында эссе, сурет, өлең байқаулары өтті. Эссе жазуға оқушылар адалдық, әділдік өз жұмысына мұқияттылықпен қарауға көп мән беру керектілігіне тоқталды. Ең үздік суреттер іріктелініп, жүлделі орындар берілді. Сондықтан оқушылар Видеороликке анализ жасау арқылы видеороликті тыңдай отырып, зерттеу сұрақтарына жауап берді. 8а-8 ә сыныптардың арасында **«Құқықтық сауаттылық апталығы»** жемқорлыққа қарсы күрес туралы тақырыбында тренингтер өтті.

Оқушылар суретті салуға көп үлес қосқан, суреттерінде бала қиялы бейнеленген. Байжуманова Ж.У. Бүгіндері құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адамның өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. «Адал ұрпақ» ерікті клуб мүшелерінің ұйымдастыруымен **«Жемқорлық індет-жою міндет»** тақырыбында мектеп оқушыларына буклеттер таратылды. Мақсаты Оқушыларға пара бермеу және алмау, жемқорлық не екенін түсіндіру. Өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету патриоттық дүниетанымын қалыптастыру, әділдік пен ашықтықты қалыптастыру.

**Желтоқсан айында:** 9а-9ә сыныптардың арасында Клуб мүшелерінің жемқорлыққа қарсы бейнеролик түсіру, кездесу өтті. Бұл бейнеролик «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында түсірілді. Бейнероликте сыбайлас жемқорлықтың кері әсері және адалдық пен әділдіктің маңыздылығы туралы ойлар көрсетіліп сыбайлас жемқорлыққа қарсы болудың маңызын насихаттады. **Қаңтар айында** Мамандықтар марафоны «Еңбегі адал жас өрен» жобасы 10-11 сыныптар арасында іс-шара өтті.

**Ақпан айының** Біз- сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз! 1-11 сыныптар арасында сынып жетекшілер сыныптан тыс іс шараларын өткізді. Балаларға арналған ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сияқты қасиеттерді насихаттап, мейірімділікпен қайырымдылық құндылықтар туралы тоқталып өтті.

**Наурыз айында 5-9 сыныптар аралығында « Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек »** атты эссе байқауы өтті. Байқаудың мақсаты өскелең ұрпақ бойында мемлекеттік қызмет түсінігін насихаттау, өскелең ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілігін қалыптастыру . Оқушылар арасында мемлекеттік қызметтің маңызын ұғындыру, адал еңбекке баулу, елжандылық қасиеттерін дамыту.

Қатысушылар: Байқауға жалпы саны 10 оқушы қатысты. Оның ішінде жоғары сынып және орта буын сынып оқушылары 5-9 сынып оқушылары.

Байқау барысы: Эссе байқауы Қатысушылар эссе жазу барысында мемлекеттік қызметшілердің рөлі, елге деген адал қызмет, жауапкершілік пен әділдік сияқты құндылықтарды қозғады. Эссе мәтіндерінде авторлар өз ойларын еркін жеткізіп, патриоттық рух пен азаматтық белсенділіктерін көрсете білді.

**«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі: Ж.У. Байжуманова**